



Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге алушы елдерде және әлеуетті алушы елдерде арнайы қорлардың қаражатын пайдалануды санкциялайтын түзетуді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 22 наурыздағы № 84-V Заңы

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 138 қаулысымен мақұлданған Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімге алушы елдерде және әлеуетті алушы елдерде арнайы қорлардың қаражатын пайдалануды санкциялайтын түзету ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Бейресми аударма

№ 138 ҚАУЛЫ

ЕУРОПА ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ АЛУШЫ ЕЛДЕРДЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ АЛУШЫ ЕЛДЕРДЕ АРНАЙЫ ҚОРЛАРДЫҢ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУДЫ САНКЦИЯЛАЙТЫН ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

БАСҚАРУШЫЛАР КЕҢЕСІ

№ 137 қаулыны қабылдау арқылы Басқарушылар кеңесі Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің (Келісім) 1-бабына ЕҚДБ-ға өзінің алдына қойылған мақсатты Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізі елдерінде орындау құқығы берілетін түзету енгізуді бекітетінін ескере отырып;

Басқарушылар кеңесі Директорлар кеңесіне басқалармен қатар осы кеңейтілген өңірде ЕҚДБ-ға қысқа мерзімде болашақ алушы елдерде өзінің операцияларын жүргізуге кірісуіне мүмкіндік беруіне байланысты ықтимал шаралар қабылдауға қатысты Басқарушылар кеңесі үшін ұсынымдар дайындауды тапсырған «ЕҚДБ операцияларының өңірін ықтимал географиялық кеңейту туралы» 2011 жылғы 21 мамырда қабылданған № 134 қаулы туралы еске сала отырып,

Директорлар кеңесінің Басқарушылар кеңесіне баяндамасын онда басқалармен қатар қамтылған «ЕҚДБ операцияларының өңірін оған Оңтүстік және Шығыс Жерорта теңізі елдерін қоса отырып, географиялық кеңейтуге» қатысты ұсынымдарымен бірге қарап және олармен келісе отырып, Басқарушылар кеңесі арнайы қорлардың

қаражатын әлеуетті алушы елдерде арнайы операциялар жүргізу кезінде Банктің пайдалануын санкциялау мақсатында Келісімнің 18-бабына түзетуді қабылдайды;

ОСЫЛАЙША, ОСЫ АРҚЫЛЫ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Келісімнің 18-бабының редакциясы былайша өзгертілсін:

«18-БАП: АРНАЙЫ ҚОРЛАР

1. i) Банк **алушы елдерде және әлеуетті алушы елдерде** Банктің мақсатына қол жеткізуге және оның функцияларын орындауға арналған арнайы қорларды басқаруды мойнына алуы мүмкін. Мұндай кез келген арнайы қорды басқару жөніндегі барлық шығыстар осы арнайы қорға жатады.

ii) i) тармақшасының мақсатында Басқарушылар кеңесі **Банктің алушы ел болып табылмайтын мүшесінің өтініші бойынша банктің мұндай мүшесін осындай шектеулі уақыт кезеңі ішінде және өзі орынды деп санайтын шарттармен әлеуетті алушы елге қойылатын талаптарға сай келеді деп есептеу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Көрсетілген шешім Банк мүшелері иеленетін дауыстардың жалпы санының кемінде төрттен үшін білдіретін басқарушылардың кемінде үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылданады.**

iii) Банктің сол немесе өзге де мүшесі **әлеуетті алушы елге қойылатын талаптарға сай келеді деп есептелетін шешімді аталған Банк алушы елге қойылатын талаптарды орындай алатын жағдайда ғана қабылдауға болады. Көрсетілген талаптар, осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген шешімді қабылдау кезіндегі редакциясында немесе мұндай шешімді қабылдау кезінде Директорлар кеңесі бекітіп қойған түзету күшіне енгеннен кейін болатын редакциясында келтірілген.**

iv) Егер ii) тармақшасында көрсетілген уақыт кезеңінің аяғында **әлеуетті алушы елге алушы ел мәртебесі берілмеген болса, онда Банк арнайы қордың активтерін ұйымдасқан түрде сату, консервациялау және сақтау процесіне, сондай-ақ осы активтерге қатысты міндеттемелер бойынша есеп айырысу жүргізуге байланысты жағдайларды қоспағанда, осы елдегі барлық арнайы операцияларды жүргізуді дереу тоқтатады.**

2. Банктің арнайы қорлардан алған қаражатын **алушы елдерде және әлеуетті алушы елдерде** Банктің мақсаттары мен функцияларына, осы Келісімнің көрсетілген қорларға қатысты басқа да қолданыстағы ережелеріне, келісімге немесе келісімдерге сәйкес келетін кез келген түрде және кез келген шарттарда пайдалануға болады.

3. Банк әрбір арнайы қорды құру, оны басқару және оның қаражатын пайдалану үшін оған қажет болатын қағидалар мен нормаларды белгілейді. Көрсетілген қағидалар мен нормалар, Банктің тек жай операцияларына қатысты нақты қолданылатын ережелерді қоспағанда, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

2. ЕҚДБ мүшелерінен а) Банктің осы мүшесінің өз елінің заңдарына сәйкес

көрсетілген түзетуді қабылдағанын айғақтайтын құжатты ресімдеу және Банкке сақтауға тапсыру және б) осы түзетуді қабылдағанының дәлелдемесін Банкті қанағаттандыратын нысанда және мазмұнда ұсыну, сондай-ақ көрсетілген түзетуді қабылдағаны туралы құжатын Банктің осы мүшесінің заңдарына сәйкес ресімдеу және сақтауға тапсыру арқылы өздерінің көрсетілген түзетуді қабылдайтынын не қабылдамайтынын хабарлауды сұрайды.

3. Көрсетілген түзету, ЕҚДБ құру туралы келісімнің 56-бабында көзделгендей, оны қабылдауға қойылатын талаптардың орындалғанын Банк өзінің мүшелеріне ресми растаған кезден бастап жеті күннен кейін күшіне енеді.

(2011 жылғы 30 қыркүйекте қабылданды)

Осы арқылы бұл аударманың Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі Басқарушылар кеңесінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 138 қаулының мәтініне сәйкес келетіндігін куәландырамын.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
	Қ а р ж ы	м и н и с т р л і г і
	К а д р	ж ұ м ы с ы н
	ж әне	б а қ ы л а у
Басқарма бастығы	Б. Ахметжанова	д е п а р т а м е н т і н і ң

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі

Е р ж а н	Қ а з ы х а н о в	м ы р з а ға
Қазақстан	Республикасының	Сыртқы істер
Қазақстан Республикасының	Сыртқы істер министрлігі	Министрі
Қ о н а е в	к ө ш е с і ,	3 1
Е сі л	ө з е н і н і ң	с о л
А с т а н а		ж а ғ а л а у ы
Қазақстан		0 1 0 0 0 0

Осы Еуропа Қайта Құру және Даму Банкін құру туралы келісімнің 1 және 18-баптарына енгізілетін түзетулерге қатысты 137 және 138 Қаулылылардың расталған көшірмелері қоса беріледі. Ағылшын және орыс тілдерінде қоса беріліп отырған осы Қаулылар 2011 жылғы 30 қыркүйекте қабылданды.

Мен осы құжатты 2012 жылғы 4 сәуірде Лондонда өз қолыммен және Банктің мөрімен бекемдедім.

Энзо Кватрочоке

Бас хатшы

Осы арқылы бұл қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалардың Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің Бас хатшысының 2012 жылғы 4 сәуірдегі хатының мәтініне сәйкес келетіндігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Кадр жұмысын үйлестіру
және бақылау департаментінің
Басқарма бастығы Б. Ахметжанова

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Қаулының ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК